

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер және ақша аударымдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 38 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 13 сәуірде № 38400 тіркелді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының төлемдер және ақша аударымдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Т. Сулейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2026 жылғы 10 сәуірдегі
№ 38
Қаулыға қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының төлемдер мен ақша аударымдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31

тамыздағы № 207 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында:

15-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Банктік шот ашу арқылы қашықтықтан іскерлік қатынастар орнату кезінде банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда жұмыс істеуі көзделген Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі – СДАО) арқылы клиентке биометриялық сәйкестендіру жүргізеді.

СДАО арқылы биометриялық сәйкестендіруді жүргізу тәртібі, сондай-ақ биометриялық сәйкестендіру нәтижелерін сақтау мерзімдері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында белгіленеді.";

60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Банк өзіне басқа банк берген клиенттердің банктік шоттарын жүргізген кезде "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 68, 97, 98 және 106-баптарында көзделген жағдайларда банк көрсетілген банктік шоттарға жаңа жеке сәйкестендіру кодтарын береді және Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен салық органдарына хабарлайды.

61. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе банктік шоттағы ақшаға тыйым салу Азаматтық кодекстің 740-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 125-бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 156-бабына, Салық кодексінің 86-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 70-бабына, КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабына, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32, 62, 123-баптарына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабы 11-тармағына сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері немесе клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілері негізінде жүзеге асырылады.";

63-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банктің және оның клиентінің деректемелері Банктер және банк қызметі туралы заңның 68, 97, 98 және 106-баптарында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бұрын қабылданған шешімдерінде және (немесе) өкімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмее жағдайларын қоспағанда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидалары) сәйкес банктің және оның клиентінің деректемелері уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайда;"

2. "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

7-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағидалардың мақсаттары үшін балама сәйкестендіргіш деп жекелеген деректемелер, оның ішінде клиентті сәйкестендіруге және төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әріптік-цифрлық символдар түсініледі.";

мынадай мазмұндағы 7-3-тармақпен толықтырылсын:

"7-3. Штрих-кодты, биометриялық сәйкестендіру құралдарын, балама сәйкестендіргіштерді пайдалана отырып, банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банкаралық мобильді төлемдер жүйесі арқылы жүргізу кезінде банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 5-бабының 4-1-тармағына сәйкес белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.";

76 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Салық кодексінің 185 және 186-баптарында, Кеден кодексінің 129 және 130-баптарында, Әлеуметтік кодекстің 256-бабында, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 61-бабында, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58-бабында, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және

(немесе) банктік шот шартында көзделген жағдайларда банктің орындау үшін қабылдаған төлем құжаты не ақша жөнелтушінің келісімінсіз орындалатын төлем құжаты негізінде банк ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығарады".;

80-тармақта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер төлем құжатында мына:

Банктер және банк қызметі туралы заңның 68, 97, 98 және 106-баптарында көзделген жағдайларды;

құқық иеленуші-банк Банктер және банк қызметі туралы заңның 68, 97, 98 және 106-баптарында көзделген операциялар шеңберінде бенефициарға қызмет көрсететін жағдайларда ақша жөнелтушінің банктік шоттарына бұрын берілген инкассолық өкімдерді орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзетілген жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындай инкассолық өкімдерді орындау бенефициар мен бенефициар банкінің деректемелерін растайтын құқық иеленуші-банктің құжаты негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банкінің ЖСК, атауы және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

бенефициарға мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банкте қызмет көрсетілетін немесе мәжбүрлеп тарату процесіндегі банк бенефициар болып табылатын жағдайларда, ақша жөнелтушінің банктік шоттарына бұрын берілген инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзеткен жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындай инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау бенефициар мен бенефициар банкінің деректемелерін растай отырып, бенефициардың жаңа банктік шоты ашылған банк құжатының негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банктің ЖСК, атауы және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

3) Банктер және банк қызметі туралы заңның 68, 97, 98 және 106-баптарында көзделген жағдайларда ақша жөнелтуші банкінің төлем құжаттарында клиенттің ЖСК түзетуін қоспағанда, Қағидаларда көзделген жағдайларда клиенттің басқа банктік шоттарынан төлем құжатын орындау кезінде ақша жөнелтушінің ЖСК, ЖСН (БСН) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Азаматтық кодекстің 741-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 61-бабына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабына, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58 және 98-баптарына сәйкес осындай өндіріп алуға шектеулер болған кезде банктік шоттардан ақшаны өндіріп алу туралы талап қойылған;"

171 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"171. Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу, банктік шоттардағы ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу қою, сондай-ақ банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Азаматтық кодекстің 740-бабында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабында, Салық кодексінің 86-бабында, Кеден кодексінің 125-бабында, Банктер және банк қызметі туралы заңның 70-бабында және Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 62, 123-баптарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.";

177-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк сот орындаушысының не әділет органының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулысын алған жағдайда, осындай қаулыны алған күннен кейін операциялық үш күннен кешіктірмей сот орындаушысын не әділет органын тыйым салынған ақша сомасын көрсете отырып, оның толық не ішінара орындалғаны не қаулының орындауға қабылданғаны туралы хабардар етеді, қаулы аясында талап етілетін ақпаратты Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабында белгіленген тәртіпте жолдайды және уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тыйым салу туралы шешімдері не шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері туралы хабардар етеді.".

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқасқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Ұлттық Банкте "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі

туралы заң) 35-бабында белгіленген қағидаттарды сақтай отырып, ислам банкінің операцияларын, сондай-ақ банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыратын әмбебап банктік лицензиясы бар банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы екінші корреспонденттік шот ашқан кезде, мынадай жағдайлардың бірі:

1) егер № 207 қағидаларға сәйкес корреспонденттік шот ашу үшін қажетті толық құжаттар топтамасының болуы туралы растау болған;

2) егер корреспонденттік шотты ашу сәтінде клиенттің досьесінде өзгерістер болмаған жағдайларда банктік шот ашу үшін көзделген құжаттарды (әмбебап банктік лицензияны не исламдық банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға арналған лицензияны қоспағанда) қайта ұсыну талап етілмейді."

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Банктің корреспонденттік шотына ұсынылатын инкассолық өкімдер Азаматтық кодексте, Салық кодексінде, Банктер және банк қызметі туралы заңда, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және № 208 қағидаларда белгіленген тәртіппен орындалады."

4. "Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын мынадай талаптар бекітілсін:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 69-бабының 11, 12, 17, 20 және 21-тармақтарында көзделген банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтамалар банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалында, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда (бұдан әрі – банктер) клиенттің банктік шоты болған кезде ресімделеді және онда мыналар қамтылады:

анықтама күні;

заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және клиенттің жеке сәйкестендіру коды;

клиентке қызмет көрсететін банктің атауы және банктік сәйкестендіру коды;

банктік шоттағы қалдық туралы мәліметтер көрсетілген жағдайда сұратылатын күнгі шығыс қалдық.

Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабы 12-тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес ұсынылатын банктік шоттарда ақшаның болуы туралы мәліметтер өндіріп алынатын сома шегінде көрсетіледі. Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабы 17-тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес ұсынылатын банктік шоттарда ақшаның болуы туралы мәліметтер өндіріп алынатын сома шегінде көрсетіледі, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда – атқарушылық іс жүргізуді қозғаған сәттен бастап осы шоттардағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер де көрсетіледі.

Клиенттің банктік шоттарының бар екендігі және нөмірлері, банктік шоттары бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы қағаз жеткізгіште ұсынылатын анықтамалар банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірме (бұдан әрі – үзінді-көшірме) нысанында жіберіледі;

2) үзінді-көшірмеде мыналар қамтылады:

үзінді-көшірме күні;

үзінді-көшірме берілетін кезең;

заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және клиенттің жеке сәйкестендіру коды;

клиентке қызмет көрсететін банктің атауы және банктік сәйкестендіру коды;

заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты ол болған жағдайда және егер клиент ақша жөнелтуші (бенефициар) болып табылған жағдайда, бенефициардың (ақша жөнелтушінің) жеке сәйкестендіру коды;

теңгемен банктік шот бойынша – бенефициар банкінің (ақша жөнелтуші банктің) атауы, банктік сәйкестендіру коды, бенефициардың және ақша жөнелтушінің атауы және жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі.

Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде бенефициар банктің (ақша жөнелтуші банктің) атауы және (немесе) банктік сәйкестендіру коды қойылмайды;

үзінді-көшірме берілетін кезеңнің басында және соңында келіп түсетін және жіберілетін қалдық.

Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабы 17-тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес ұсынылатын үзінді-көшірмелерде банктік шотта ақша жеткіліксіз болған кезде атқарушылық іс жүргізу қозғалған сәттен бастап келіп түсетін және (немесе) жіберілетін қалдық туралы ақпарат қамтылады;

төлемнің белгіленуі;

үзінді-көшірме берілетін кезеңдегі дебет және кредит бойынша айналымдар.

Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабы 17-тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес ұсынылатын үзінді-көшірмелерде банктік шотта ақша жеткіліксіз болған кезде атқарушылық іс жүргізу қозғалған сәттен бастап дебет және кредит бойынша айналымдар туралы ақпарат қамтылады;

банктік шоттың валютасы;

банктің уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және мөртабан (қағаздағы нұсқасы үшін).

Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабының 12, 17-тармақтарында көзделген үзінді-көшірмелерді ұсынған кезде, мынадай мәліметтер болған жағдайда қосымша беріледі:

үзінді-көшірме берілетін кезеңнің соңында банктік шотқа қойылған, орындалмаған инкассолық өкімдер сомасы;

үзінді-көшірме берілетін кезеңнің соңында банктік шотқа қойылған, орындалмаған төлем талаптарының сомасы;

үзінді-көшірме берілетін кезеңнің соңында банктік шотқа қойылған, болашақтағы валюталау күні бар орындалмаған төлем тапсырмаларының сомасы;

үзінді-көшірме берілетін кезеңнің соңындағы банктік шоттардағы ақшаға салынған өзге ауыртпалықтар (тыйым салу) сомасы;

уәкілетті мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы ұсынылған өкімдерінің саны;

банктік шот бойынша орын алған ауыртпалықтарды шегергенде, үзінді-көшірме берілетін кезеңнің соңындағы ақша сомасының қалдығы (оң немесе теріс).

Банктік шоттың мақсаты туралы ақпарат Банктер және банк қызметі туралы заңның 69-бабының 11, 12 және 17-тармақтарына сәйкес, Азаматтық кодекстің 741-бабында және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда ақшасы өндіріп алуға жатпайтын банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтамаларды және банктік шоты бойынша үзінді-көшірмелерді ұсынған кезде қосымша көрсетіледі."